

ӘЛЕМДІК САЯСАТТАҒЫ КӨРШІНІҢ БЕЙНЕСІ (ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БЕЙНЕСІ МЫСАЛЫНДА)

*Жұрынбаев Е.¹

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің докторанты,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: erlan.msk@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада автор Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының призмасы арқылы әлемдік саясаттағы көршісінің бейнесін қалыптастыру үдерісін қарастырады. Көршіні қабылдау мәселесі тату көршілік қатынастарды құру процесінде маңызды құрал болып табылады. Қазақстандық қоғамда Қытай елі мен қытай ұлтының бейнесі бір-біріне қарама-қайшы. Бұл мақалада автор екі жақты қатынастардың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін қарастыру арқылы Қытай бейнесін қабылдау эволюциясын қарастыруға тырысады. Қарастырылып отырған мәселенің өзі өзекті және қайшы тұстары жеткілікті. Бізге белгілі, Қытай негізінен теріс сипатта қалыптасты, бұл кеңестік-қытайлық қарама-қайшылықтың салдары, сондай-ақ тарихи түрде Қытай көшпелі халықтардың жаулары ретінде қабылданды. Көршінің бейнесін теріс қабылдау негізінен қатынастардың одан әрі дамуына әсер етеді, әрине, мемлекеттік деңгейде емес, жеке деңгейде.

Бұл мақаланың мақсаты Қазақстандағы синофобияның қалыптасу эволюциясының мәселелеріне шолу жасау. Мақалада қазіргі жарияланымдарда Бейжің өз азаматтарының шекара кеңістігін қоныстандыруға ниет білдіре отырып, кеңейту стратегиясын мақсатты түрде жүзеге асырады деген пікірлер туралы автор кеңінен тоқталған. Алайда, көптеген фактілер мен құжаттар бұл мәселені біржақты түсіндіруге мүмкіндік бермейтінін ғылыми тұрғыда зерттеу арқылы атап өткен.

Мақаланы жазу барысында тақырыпқа сәйкес Қытай мен АҚШ арасындағы сауда соғысының ұшығуы туралы ресми құжаттар мен дереккөздер пайдаланылып, қытай, қазақ, орыс және шетелдік ғалымдардың ғылыми көзқарастарына ғаламтор көзінен алынған мәліметтерге де талдау жасалды. Жұмыстың әдіснамасына келер болсақ, зерттеуді жүзеге асыру кезінде жүйелеу, жалпылау және тарихи-этнографиялық әдістер қолданылды.

Тірек сөздер: Қазақстан, Қытай, Синофобия, көрші, экономикалық экспансия, JEL кодтар: H83, D70, жұмсақ күш

Негізгі ережелер

Қытай Халық Республикасының экономикалық әлеуетінің артуы, оның көптеген аймақтарға деген экономикалық экспансиясының күшеюіне алып келіп отыр. Қытайдың капиталы, әртүрлі ірі компаниялардың әрекетімен, сонымен қоса кіші мекемелер арқылы, шағын және орта бизнес арқылы енуі байқалады. Қытайлық экономикалық және саяси үстемдігінің артуы көптеген аймақтарда синофобиялық пиғылдардың күшеюімен тұспа тұс келіп отыр. Коронавирус індетінің пандемиясы мен оған дейінгі орын алған маусымдық вирустардың шығуы тікелей қытайлықтарға деген фобияның күшеюіне әкелген болатын. Қазіргі халықаралық қатынастардың табиғатын ескере отырып, синофобиялық пиғылдардың пайда болуы негізінде саяси факторлардың болуы ықтимал. Әсіресе Қытай мен АҚШ арасындағы сауда соғысының ұшығуы кезінде кеңінен таралғандығы байқалады. Орталық

Азиядағы синофобтық пиғылдар соңғы кезде белес алды. Алайда аймақтағы синофобия тарихының тарихы өте терең екендігін білеміз.

Синофобия (грек тілінен. Sinae-Қытай және φόβος-қорқыныш) - Қытайға, қытайлықтарға және барлық қытаймен байланыстыға деген дұшпандық, төзбеушілік, жеккөрушілік және менсінбеу болып табылады.

Кіріспе

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Америка Құрама Штаттары, әскери және саяси жағынан басымдыққа ие болған халықаралық қатынастар жүйесіндегі жалғыз супердержава ретінде қалды. Вашингтон "қырғи қабақ" соғыс аяқталғаннан кейін қалыптасқан бүкіл қазіргі халықаралық жүйені өзіне және оның мүдделеріне бейімдеуге жақсы мүмкіндік алғандағы белгілі. Осыған байланысты көптеген халықаралық сарапшылар әлем биполярлы құрылымнан бірполярлы құрылымға өзгерді деген пікір айтуда. Шын мәнінде, 90-жылдардың аяғында АҚШ әлемдегі барлық процестерге әсер ете алатын жалғыз күш болды деп түйіндеуге толықтай негіз бар. Бірақ 2001 жылғы 11 қыркүйектегі қайғылы оқиғалардан кейін АҚШ-тың держава ретіндегі имиджіне қатты соққы болды, содан кейін оның Ауғанстан мен Иракқа араласуы Вашингтонның халықаралық имиджге нұқсан келтіріп, басқа елдердің, ең алдымен Ресей мен Қытайдың үрейленуін күшейте түскені анық.

АҚШ - тың әлемдегі ықпалының күшеюі Қытай мен Ресейдің мұнай мен газдың бай қоры бар Орталық Азия мен Таяу Шығыс аймақтарына ерекше назар аудара бастауына себепкер болды. Бұл әсіресе өткен ғасырдың 90-жылдарындағы азиялық экономикалық дағдарыстан кейінгі экономикалық өсу жағдайында әлемдік экономиканың энергияны тұтынудың артуымен өзекті болып отырғандығы мәлім. Осыған байланысты Қытай АҚШ-ты аймақтан ығыстыруға бағытталған белсенді саясат жүргізе бастауына себепкер болды. Ресми Бейжің ШЫҰ-ны өз саяси мақсатын іске асыруға мүмкіндік жасайтын саяси платформа ретінде қолдануына алып келді деп айтуға болады.

Қытайдың аймақтағы белсенділігінің күшеюі бірнеше факторларға байланысты, біріншісі, әрине, АҚШ-тың аймақтағы "сенімді елдер белдеуін" құруға тырысқан саясатының артуы. Аталмыш белдеудің басты мақсаты ретінде Қытайдың бұдан былай батысқа әрі қарай кеңеюіне жол бермеуі болып табылады. Орталық Азияны американдық ықпал ету аймағына интеграциялау жобасы "Үлкен Орталық Азия" [1] жоспары ретінде белгілі және бұл ұзақ уақыт бойы академиялық ортада көптеген пікірталастар тудырды. 2021 жылдың соңында американдық әскерлер Ауғанстаннан шығарылғаннан кейін, бұл жобаның күйрегендігін іс жүзінде білдірді, өйткені АҚШ аймақ елдеріне тікелей әсер ету мүмкіндігін жоғалтты, осылайша аймақ "геосаяси қамауда" немесе "геосаяси локдаунда" [2] қалғандығын білдірді. Сол себепті аталмыш жоба іс жүзінде Қытай мен Ресей жобаларына балама ретіндегі мүмкіндігін жоғалтты деп пайымдауға болады.

Қытай, Ресей және Үндістан секілді маңызды экономикалық дамуға қол жеткізген басқа акторлар антиамериканизм тұрғысынан әрекет етуге ұмтылыс жасауда және бұны АҚШ бастаған бір полярлы жүйеге білдірілген

қарсылықты көрсеттеді деуге болады. Алайда жоғарыда аталған елдердің ешқайсысы өздігінен АҚШ-қа қарсы тұра алмайтындығы белгілі.

Жаһандану процесінің жеделдеуіне және әлемдік экономиканың өсу қарқынына байланысты индустрия саласында үлкен серпіліс орын алып жатқандығы белгілі. Бұл үрдістің маңызды құрамдас бөлігі энергия көздері деп санаймыз. Бұл ресурстарға мұқтаж маңызды елдердің бірі-аталған аймақпен ортақ шекаралары бар ҚХР. Мао Цзэдун қайтыс болғаннан кейін Қытай жүргізген экономикалық реформалардың арқасында Бейжің экономикалық тұрғыдан үлкен жетістіктерге жеткендігі анық. Қытай индустриясының өсуі мұнай мен газға тәуелділігі ресми Бейжіңнің Орталық Азиядағы қызығушылығының артуының екінші факторы деп айта аламыз.

Қазіргі кезеңде саяси ғылымда мемлекеттің халықаралық имиджін қалыптастыру және дамыту мәселесі өзектілігі артып келеді. Жаһандану заманында көптеген елдер өздерінің ұлттық мүдделерін қорғаудың тиімді әрекеті ретінде "жұмсақ күштің" көмегіне жүгінуді жөн көретіндігі мәлім. Сол себепті мемлекеттер өздерінің сыртқы саяси стратегияларына "жұмсақ күш" енгізуді және оның ықпалын кеңейтуге әрекет жасауда.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Әлемдік саяси ғылымдағы көршінің бейнесін зерттеу мәселесі салыстырмалы түрде жаңа бағыт болып табылады деп айта аламыз. Жеке ғылыми бағыт ретінде ол әлі нақты қалыптаспағандығы белгіді, алайда ол "жұмсақ күшті" зерттеудің ажырамас бөлігі болып табылатындығы белгілі. Жоғарыда аталған терминнің негізін қалаушы және бірінші болып ғылыми айналымға еңгізген американдық ғалым Джозеф Най [3] екендігі баршамызға мәлім. Аталмыш зерттеуге сүйене отырып, біз осы зерттеуіміздің әдіснамалық негізі ретінде неолиберализм саяси мектебі жасаған принциптерді алуды жөн деп санадық.

Зерттеу әдістері ретінде біз талдау мен болжаудың жалпы ғылыми әдістерін, сонымен қоса екіжақты қатынастарды дамытудың негізгі кезеңдерін қарастыру аясында тарихилық әдісін қолдандық.

Қытай-қазақстан қатынастарының негізгі кезеңдері

Кейбір сарапшылар посткеңестік кеңістіктегі синофобия-бұл қоғамдық санадағы Қытай экспансионизмі идеясына негізделген өзін-өзі дамытатын құбылыс деп қарастырады. Қытайдың бейнесін теріс қабылдау 1960 жылдардың басынан бастап кеңестік үгіт-насихатпен қалыптасты деп айтуға негіз бар. Кезінде Қазақстан Қытаймен соғысқа дайындалып жатқан Кеңес Одағының Орта Азия әскери округінің құрамына болғандығы мәлім. Тиісінше, әскери дайындықтың бастауыш сыныптарындағы мектептен бастап, халық та осы қарсылыққа дайындалды. Сол кезде пайда болған кеңестік-қытайлық шекаралық қақтығыстар қытайлықтарға деген теріс көзқарастың санада орнығуына әкелді деп айта аламыз. Кейбір сарапшылар Қытай оппозициясының күшеюі Қытай мен Ресейдің саяси және экономикалық ықпалының өсуіне алаңдайтын және Батыстың Орталық Азиядағы бақылау

стратегиясының бөлігі болып табылатын батыстық әлем қолдайды деп санайды.

Өмірбек Ханайдың пікірінше, синофобия мен Қазақстандағы Қытайдың теріс бейнесі екіжақты қарым-қатынастардың нашарлауына негіз бола алмайды [4]. Басқа авторлар қарама-қарсы көзқарасты ұстанады, атап айтқанда Ресейдің Еуропадағы халықаралық имиджінің мәселелерін қарастыра отырып, зерттеу авторлары көршінің теріс қабылдауы екі жақты қатынастарға айтарлықтай әсер етуі мүмкін дейді [5].

Қазіргі жарияланымдарда Бейжің өз азаматтарының шекара кеңістігін қоныстандыруға ниет білдіре отырып, кеңейту стратегиясын мақсатты түрде жүзеге асырады деген пікірлерді жиі кездестіруге болады. Алайда, көптеген фактілер мен құжаттар бұл мәселені біржақты түсіндіруге мүмкіндік бермейді [6].

Журналист Әйгерім Мекішева китаизацияға қатысты қорқыныш тым асырылған және қоршаған ортаға қатысты бірқатар проблемалары бар Қазақстан үшін "ең үлкен" қытайлық" тәуекелдер дәл осы экологиялық салада деп санайды" [7].

Белгілі қытайтанушы ғалым Руслан Изимовтың айтуынша, "Қытайдан келген еңбек мигранттары туралы нақты мәліметтер алу қиын, және бұл тақырыпта зерттеулер жоқ. Сонымен, синофобияның күшеюі белгілі бір дәрежеде ұлттық қауіпсіздікке теріс әсер етуі мүмкін" [8].

Саяси ғылымдар докторы, стратегиялық бағалау және болжамдар орталығы бас директорының орынбасары Игорь Панкратенконың пікірінше, "Қытайға қарсы пікірлердің негізінде жатқан өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына наразылықты басқа ойыншылар пайдаланбайды деп сену қисынсыз болар еді" [9].

1991 жылы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстан Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынас орнатуда үлкен қиындықтарға тап болды. Кеңес Одағы құрамында болған кезде Қытаймен қарым-қатынас толығымен үзіліп, Горбачевтің қайта құру кезеңінде ішінара қалпына келтірілгенін білеміз. Қарым-қатынас құру тәжірибесінің жоқтығы және Қытай туралы білімнің жоқтығынан қарым-қатынас орнатуда алғашқы кезеңде қиындықтар орнатты деуге боламыз. Көбінесе Қытайдың Қазақстанға деген қарым-қатынасы кеңестік идеологиялық қарама-қайшылық дәстүрінің рухында сипатталды, мысалы, адамдарға Қытай туралы бейнелі түрде келген бірінші нәрсе, бұл жағымсыздықпен байланысты болды. Кейбір ақпарат көздері жағдайды ушықтыру мақсатында көбінесе күмәнді ақпараттарды таратты, соның ішінде Қазақстанның кейбір аймақтары КХР деп белгіленген Қытайдың "жаңа карталары" туралы ақпарат. Жоғары эшелондарда бұған мән берілмеді, бірақ ғылыми ортада іс жүзінде бұл мәлімдемелердің түпнұсқалығына қызығушылық танытпады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары Қазақстанда және жалпы Орталық Азияда "Аспан асты елінің" экономикалық экспансиясының өсуі және оның жергілікті экономикаға кіруі

аймақ елдерінде ресми Бейжің экономикалық, саяси және әскери қауіп ретінде қабылдануына алып келді [10].

Нәтижелері

Қазақстан Қытай үшін Еуропа елдеріне дәліз ғана емес, Бейжіңнің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қытай тауарларының маңызды нарығының болуы тұрғысынан да өте маңызды. Қытай 1992-да Орталық Азиядағы бес тәуелсіз мемлекетпен ресми дипломатиялық қарым-қатынас орнатқаннан бері, ол Орталық Азиямен саяси, сауда-экономикалық, әлеуметтік және мәдени байланыстардың кеңеюіне ықпал ететінін және аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететінін атап өтіп, өзін "көрші және тату ел" ретінде көрсетуге тырысады [4].

ҚХР-ның Орталық Азия елдерінің, атап айтқанда Қазақстанның нарықтарына кіру әрекеттеріне қарамастан, қарым-қатынастар барынша азайтылды, дегенмен Қытай тұтыну тауарлары жергілікті нарықтарға көп мөлшерде түссе де, тауарлардың сапасы көп нәрсені қалады, сол кезде жаудың кеңестік кезеңде қалыптасқан бейнесінен басқа, қытайлықтарға қатысты сапасыз тауарлар өндірушінің стереотипі қосылғандығын айта кеткеніміз жөн. Қытайлықтарға деген осындай көзқарас көрші Ресейде де болды, бірақ сарапшылардың пікірінше, жақында қытайлықтар жасаған технологиялық серпіліс және екі жақты достық қарым-қатынас Ресейде Аспан асты елінің бейнесін өзгерте бастады, біз бұл құбылысты Орталық Азия елдеріне де қолдануға болады деп ойлаймыз. Ресейлік ғалым Ларин В.: "егер ресейліктердің басым көпшілігі абстрактілі сыртқы саяси идеяларға және алыс ел туралы үзінді білімге негізделген болса, олар ресми үгіт-насихатпен құрылған Қытайдың имиджіне бағытталған болса, онда шекара тұрғындары үшін өздерінің экономикалық және әлеуметтік тәжірибелері, Қытаймен және қытайлықтармен қарым-қатынастың жеке тәжірибесі ерекше маңызды. Іс жүзінде көршіліктің, Қытаймен экономикалық және гуманитарлық өзара іс-қимылдың пайдасын сезіне отырып, олар басқа елдерден басымдық бере отырып, онымен экономикалық ынтымақтастықты белсенді түрде қолдайды" [11] деп пайымдайды.

КСРО мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялаудың шешілмеген проблемасы Қазақстанға мұра ретінде қалды. Қытай Батыс нарықтарының белсенді дамуы үшін өзінің батысындағында жаңа көршілерімен қарым-қатынасты реттеу қажет екендігін түсінді. Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік шекарасын демимитациялау және демаркациялау процесі күрделі әрі ұзаққа созылған процестер болып шықты. Жұмыс топтары отырысының құжаттары әлі күнге дейін жарияланған жоқ, бұл қазіргі биліктің сыншыларына осы мәселеге қатысты күпиялық теорияларының әртүрлі түрлерін қолдануға мүмкіндік береді. Кейбір БАҚ таратқан мәлімет басқа ақпарат болмаған жағдайда халық оны шындық ретінде қабылдайтындығы белгілі. Түрлі конспирологиялық ақпараттардан туындағаны Қытайдың Қазақстанды және басқа да көрші елдерді жұтуға тырысатын ел ретінде образы. Территориялық даулар екі ел парламенттерінің 1999 жылғы наурызда мемлекеттік шекара туралы келісімді

ратификациялауымен аяқталды [12]. Шекаралық мәселелерді реттегеннен кейін 2002 жылғы 23 желтоқсандағы "Қазақстан мен Қытай арасындағы достық, ынтымақтастық және тату көршілік туралы шартқа" қол қойылды, ал ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның сапары барысында "Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестікті орнату және дамыту туралы бірлескен декларацияға" қол қойылды [13].

Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасында ҚХР-да "Батысты игеру" идеясы күшейе түсті (батыс образында көршілері, яғни Орталық Азия дегенді білдіреді). 1994 жылғы сәуірде Қытайдың премьер-министрі Ли Пен Орталық Азия республикаларына тарихи сапары кезінде алғаш рет Қытайдан Батыс Еуропаға дейін созылып жатқан Еуразиялық континенттер көпірі деп аталатын жаңа Жібек жолын жаңғырту жөніндегі республикалардың көшбасшыларымен кездесті және бұл туралы өз пікірін білдірді. Осы жолды қолдана отырып, Қытай Орталық Азиядан Еуропаға дейін созылуы мүмкін, ал Орталық Азия республикалары жолдың Қытай бөлігін пайдаланып, Тынық мұхиты аймағына жетуі мүмкіндігін атады. Қазір ҚХР Үкіметі Батысты игеру мемлекеттік саясат дәрежесіндегі жоспарын қабылдады.

Қытай капиталының Қазақстанға белсенді ену кезеңі жаңа ғасырдың басы болы табылады, ол Бейжіңге аймақ елдерінің саяси саласына белсенді қатысуға мүмкіндік беретін Шанхай келісіміне қол қоюмен тұспа-тұс келгенді ескергеніміз қажет. Радикалды исламның таралу қаупі мен терроризм қауіпінің өсуі аймақ елдері үшін Қытай мен Ресейдің қауіп-қатерін екінші орынға ығыстырды. Саяси белсенділіктің артуымен қатар экономикалық экспансия да күшейе түсті. Қытай қазақстандық ресурстар мен шикізаттың негізгі сатып алушысына айналғандығы мәлім.

Екі жақты сауда көлемінің ұлғаюы әдетте Қазақстанның Қытайдан импортына байланысты болуы. Сонымен қатар, қытай тарапының тауарларды тасымалдауда пайдалану теңдік принципін бұзатын элементтердің бірі болып табылатындығы өкінішті. Ресми Бейжің қазақстандық ұшақтар үшін Қазақстанды Оңтүстік Азия елдерімен байланыстыратын әуе кеңістігі мен құрлықтағы маршрутты жиі жауып оны экономикалық қыспақтың құралы ретінде пайдаланғандығын білеміз. Бұл қытай үшін бәсекелес болып саналатын Оңтүстік Азия елдерінде сапалы тауарлар өндірумен байланысты еді. Қытай Қазақстан үшін тиімді Оңтүстік Азия аймағымен қарым қатынастың ұлғаюын өзінің экономикалық мүдделеріне қауіп ретінде қарастырудың салдары еді.

Қазақстанның Қытайға экономикалық тәуелділігінің артуына қарай еңбек мигранттарының ағыны да ұлғайды. 2021 жылғы жағдай бойынша ҚХР-дан келген мигранттар саны бойынша бірінші орында [14]. Қазақстандағы кәсіпорындардағы қытайлық жұмысшылар ағынының артуы қоғамдағы Қытайға қарсы пиғылдардың өсуіне себеп болды. Көп жағдайда мигранттар бірлескен басқару кәсіпорындарында немесе қытай капиталының үлесі асып түсетін жұмыс орындарында еңбек етті [15]. Ресми тіркелген 15 мың еңбек мигрантының 4 мыңы Аспан асты елінің азаматтары болып табылады [16].

Мәселен, Тәуелсіздік таңында жұмыс күшінің негізгі ағымы Түркия, Ресей, Ұлыбритания және АҚШ-тан келген болса, кейін 2000 жылдан бастап қытай жұмысшыларының саны 9 есе өсті, ал шекарадан өткен мамандардың саны жалпы санмен салыстырғанда аз болды [17].

Талқылау

Салыстырмалы түрде шет елдердегі сифонобия мәселесіне қатысты зерттеулерге тоқталсақ, Синофобия соңғы онжылдықтарда Гонконгта қалыпқа келтірілді және барған сайын күшейгендігі байқалады. Мұндай синофобия Гонконг бұқаралық ақпарат құралдарынан көрініп тұрғандай, қоғамдағы жергілікті нәрсені қорғау мақсаттарымен сәйкес келетінді айтылады. Мақалада синофобия ұғымы алғаш рет зерттелген деп мәлімделінеді. Содан кейін Гонконгтағы синофобияның тарихы Гонконг / Гонконг және материктік Қытай / материктік Қытай арасындағы шиеленісті түсіндіреді. Гонконгтағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының сипатын егжей-тегжейлі қарастырғаннан кейін, аталмыш зерттеуде «Гонконгтың үш негізгі жаңалықтар көзіндегі китаефобиялық, стереотиптік және квази-нәсілшілдік дискурс зерттеледі. Гонконг мұрасын құрметтеу маңызды мақсат болғанымен, осы мақсаттардың кейбірімен бірге жүретін синофобия адамдар арасында өшпенділік тудыруы мүмкін» [18] деп пайымдайды.

Синофобияның туындауы немесе өршуінде тікелей геосаяси астар бар деген пікірді ұстанушылар ғалымдар арасында кездеседі. Батыс Қытайдың кейбір саясаткерлеріне олардың себептерін ақтауға немесе түсінуге, оларға балама көзқарастар табуға немесе өздерінің түрлі-түсті тарихы туралы ойлауға тырыспай, кешірімсіз болды. «Шынында да, Батыстың араздығын айыптайтын кейбір комментаторлар Қытаймен жаңа қырғи қабақ соғыс туралы айтады. Егер синофобия бақыланбаса, бұл оның барлық апатты салдарымен соғысқа айналуы мүмкін» [19] дейді.

Көршілес Қырғыз Республикасында да қытайлықтарға қатысты синофобия мәселесі өршіп тұр, зерттеушілердің пікірінше Қырғыз басшылары мен жергілікті шенеуніктер арасындағы қытайлықтарға деген саясат, әлсіздік белгісі немесе корупциялық әрекеттердің салдары деген тұжырымдар бар [20].

Қорытынды

Энергетика саласындағы қазақстан-қытай экономикалық әріптестігін сынаушылар саны артуда, қазақ ұлтшыл-патриоттар тарапынан бірнеше жыл бойы осы мәселе қозғалып келеді. Қазақ қоғамы тарапынан бұл сындар қолдауға ие болады. Олардың пайымдауынша Қазақстан үкіметінің Қытай алдындағы әлсіздігі ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттілікке қатты соққы. Сыншылар сондай-ақ Қазақстан экономикасы жыл сайын Қытайдың инвестициялары мен несиелерінің "қақпанына" көбірек түсетінін атап өтуде.

Бұл әр түрлі дәрежеде, Орталық Азияның барлық басқа мемлекеттеріне де қатысты құбылыс екендігін атағанымыз абзал.

Осы зерттеуді қорытындылай келе, синофобия 90-шы жылдары жасырын формада болғанын, ал қытайлық мигранттар ағынының ұлғаюымен

және Қытайдың Қазақстанға экономикалық ықпал ету үлесінің артуымен ол жаңа формаларға ие болғанын атап өткен жөн.

Әсіресе, статистика көрсетіп отырғандай, бұл 2000 жылдан бергі кезеңге тән, әрине, ресми ақпараттың болмауы Қытайдың Қазақстанды басып алуы, халықтың ықтимал қытайлануы туралы көптеген күпиялық теорияларын туындатады. Шамадан тыс синофобия тату көршілік қарым-қатынастардың дамуына кедергі келтіруі мүмкін, бірақ тұтастай алғанда, Қытайдың көрші ретіндегі бейнесі әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Қазақстанның мемлекеттік құрылымдары үшін кейбір ұсынымдар әзірлеуге болады:

- жергілікті мекемелерде, яғни қытайлық еңбек мигранттарының белгілі бір үлесі бар кәсіпорындарда түсіндіру жұмыстарын күшейту;

- шетелден мамандар шақыру бойынша нақты тетіктер әзірлеу; (кәсіпорындардың көпшілігінде қытайлық жұмысшылар жергілікті жұмысшылар сияқты жұмыс істейді, біліктілікке қойылатын талапты күшейтілуі керек;

- тұруға ықтиярхат туралы құжаттардың берілуіне бақылауды күшейту, өйткені жалған неке қию жағдайлары өте жиі кездеседі.

ӘДЕБИЕТ

[1] Starr S.Frederick. A. «Greater Central Asia Partnership» for Afghanistan and Its Neighbors // Silk Road Paper. – 2005.

[2] Yermekbayev A. A., Zhekenov D. K., Uralbayev S. S. Afghanistan in the context of Russian and Chinese projects // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия «Политические науки. Регионоведение. Востоковедение». – 2021. - № 4. – Р. 61-67.

[3] Nye J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. - New York: Public Affairs Group, 2004.

[4] Hanayi, Omirbek. Orta Asya'da sinofobi algisi // AsyAvrupa. – 2018. - № 35.

[5] Yermekbayev A., Akimbek D., Meng N. Issues of the international image of Russia in the modern world // Вестник КазНУ. Серия «Международные отношения и международное право». - 2020. 9 - № 4(2). – Р. 66-73.

[6] Кожирова С. Б. Китайская миграция и Казахстан // Казахстан Спектр. – 2016. - № 1 (75). – С. 43-63.

[7] Мекишева А. Синофобия: экспансия отменяется, а трудовая миграция – нет. www.factcheck.kz/mneniya/vse-o-faktorax-migracii-iz-kitaya-v-kazakhstan-partner-kradushhijsya-tigr-ili-zataivshijsya-dragon. 12.05.2022.

[8] Синофобия: Китай - реальная угроза или политическая игра? 2022. <https://ulysmedia.kz/news/879-sinofobia-kita-i-realnaia-ugroza-ili-politicheskaia-igra/> 10.05.2022.

[9] Казахстанцы взбунтовались против китайского влияния (2019) https://www.ng.ru/cis/2019-09-05/1_7669_kazakhstan.html (доступно 11.05.2022)

[10] Жұрынбаев Е. Синофобия: история становления и проявления // Государственное управление и государственная служба. - 2022. – № 1 (80). С.75-83.

[11] Ларин В. Л., Ларина Л. Л. Особый взгляд на великого соседа: восприятие Китая и китайцев на юге Тихоокеанской России // Полис. Политические исследования. - 2022. - № 2. – Р.174-191.

- [12] Қазақ-қытай қарым-қатынасының шегі. 2022. <https://e-history.kz/kz/news/show/260/> 12.05.2022.
- [13] Kazakistan-Çin İlişkilerinin Siyasi ve Ekonomik Açıdan Analizi. 2022. <https://www.eurasian-research.org/publication/kazakistan-c-in-iliskilerinin-siyasi-ve-ekonomik-acidan-analizi/?lang=tr> 12.05.2022.
- [14] Трудовые мигранты приезжают в Казахстан в основном из Китая. 2022. <https://kapital.kz/economic/97558/trudovyye-migranty-priyeczhayut-v-kazakhstan-v-osnovnom-iz-kitaya.html> 12.05.2022.
- [15] Чжуаньсунь Цяочу. Трудовая миграция из Китая в Казахстан // Матер. XI ГПК молодых ученых факультета международных отношений БГУ. - Минск, 2021. - С.307-312.

REFERENCES

- [1] Starr S.Frederick. A. «Greater Central Asia Partnership» for Afghanistan and Its Neighbors. Silk Road Paper, 2005.
- [2] Yermekbayev A. A., Zhekenov D. K., Uralbayev S. S. Afghanistan in the context of Russian and Chinese projects // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Political sciences. Regional studies. Oriental studies. (4), 2021, pp.61-67.
- [3] Nye J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. New York: Public Affairs Group, 2004.
- [4] Hanayi, Omirbek. Orta Asya'da sinofobi algisi. AsyAvrupa. – 2018. - № 35 [in Turkish].
- [5] Yermekbayev A., Akimbek D., Meng N. Issues of the international image of Russia in the modern world. Bulletin of KazNU. International Relations and International Law Series, 2020, 94 (2), p. 66-73.
- [6] Kozhirova S.B. Kitajskaya migracziya i Kazakhstan [Chinese migration in Kazakhstan]. Kazakhstan Spektr, 2016, № (1) (75) p. 43-63 [in Russ].
- [7] Mekisheva A. Sinofobiya: ekspansiya otmenyaetsya, a trudovaya migracziya — net [Sinophobia: expansion is canceled, but labor migration is not]. www.factcheck.kz/mneniya/vse-o-faktorax-migracii-iz-kitaya-v-kazaxstan-partner-kradushhijsya-tigr-ili-zataivshijsya-dragon 12.05.2022.[in Russ].
- [8] Sinofobiya: Kitaj - realnaya ugroza ili politicheskaya igra? [Sinophobia: Is China a Real Threat or a Political Game?]<https://ulymedia.kz/news/879-sinofobiia-kitai-realnaia-ugroza-ili-politicheskaja-igra/> (accessed 10.05.2022) [In Russ].
- [9] Kazakhstancy vzbuntovalis protiv kitajskogo vliyaniya [Kazakhs rebel against Chinese influence] https://www.ng.ru/cis/2019-09-05/1_7669_kazakhstan.html (accessed 11.05.2022) [In Russ].
- [10] Zhuryubaev E. Sinofobiya: istoriya stanovleniya i proyavleniya. Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaya sluzhba [Sinophobia: the history of formation and manifestation]. Public administration and civil service, 2022. № 1 (80), p.75-83 [in Russ].
- [11] Larin V. L., Larina L. L. Osobyj vzglyad na velikogo soseda: vospriyatie Kitaya i kitajczev na Yuge Tikhookeanskoj Rossii [A Special Look at the Great Neighbor: Perceptions of China and the Chinese in South Pacific Russia]. Polis. Politicheskie issledovaniya. 2022. № 2.h. 174-191. [in Russ].
- [12] Qazaq - Qytaj qarym-qatynasynyn shegi [Limits of Kazakh-Chinese relations] <https://e-history.kz/kz/news/show/260/> 12.05.2022 [in Kaz].
- [13] Kazakistan-Çin İlişkilerinin Siyasi ve Ekonomik Açıdan Analizi. <https://www.eurasian-research.org/publication/kazakistan-c-in-iliskilerinin-siyasi-ve-ekonomik-acidan-analizi/?lang=tr> 12.05.2022 [in Turk.].
- [14] Trudovye migranty priyeczhayut v Kazakhstan v osnovnom iz Kitaya [Labor migrants come to Kazakhstan mainly from China]. <https://kapital.kz/economic/97558/trudovyye-migranty-priyeczhayut-v-kazakhstan-v-osnovnom-iz-kitaya.html> 12.05.2022 [in Russ].

[15] Chzhuansun Czyaochu. Trudovaya migracziya iz Kitaya v Kazakhstan [Labor migration from China to Kazakhstan. Mater. XI CPC of young scientists of the Faculty of International Relations of BSU], 2021, p.307-312 [in Russ].

ОБРАЗ СОСЕДА В МИРОВОЙ ПОЛИТИКЕ (НА ПРИМЕРЕ ОБРАЗА КИТАЯ В КАЗАХСТАНЕ)

***Журынбаев Е.¹,**

***¹докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: erlan.msk@mail.ru**

Аннотация. В данной статье автор рассматривает процесс формирования образа соседа в мировой политике сквозь призму казахстанско-китайских отношений. Вопрос восприятия соседа является важнейшим инструментом в процессе выстраивания добрососедских отношений. Образ Китая и китайцев очень противоречив в казахстанском социуме. В данной статье автор пытается рассмотреть вопрос эволюции восприятия образа Китая, через рассмотрение основных этапов становления и развития двухсторонних отношений. Сама рассматриваемая проблема является актуальной и весьма противоречивой. Как нам известно Китай в основном формировался в негативном образе, это и есть последствия советско-китайского противостояния, также исторически Китай воспринимался как недруг кочевых народов. Негативное восприятие образа соседа в основном влияет на дальнейшее развитие отношений, конечно не на государственном уровне, а в частном.

Целью данной статьи является обзор проблем эволюции формирования синофобии в Казахстане. В статье автор развивает мнение о том, что в текущих публикациях Пекин целенаправленно реализует стратегию экспансии, выражая намерение заселить приграничное пространство своих граждан. Однако многие факты и документы не позволяют дать одностороннее объяснение этого вопроса, как это научно исследовано

В ходе написания статьи по теме использованы официальные документы и источники о начале торговой войны между Китаем и США, а также научные взгляды китайских, казахстанских, российских и ученых из сети Интернет. Что касается методологии работы, то в ходе исследования использовались методы систематизации, обобщения и историко-этнографический.

Ключевые слова: Казахстан, Китай, Синофобия, сосед, экономическая экспансия, JEL коды: H83, D70, мягкая сила

THE IMAGE OF A NEIGHBOR IN WORLD POLITICS (ON THE EXAMPLE OF THE IMAGE OF CHINA IN KAZAKHSTAN)

***Jurynbayev Yerlan¹**

***¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: erlan.msk@mail.ru**

Abstract. In this article, the author examines the process of forming the image of a neighbor in world politics through the prism of Kazakh-Chinese relations. The question of the perception of a neighbor is an important tool in the process of building good neighborly relations. The image of China and the Chinese is contradictory in the Kazakh society. In this article, the author tries to consider the question of the evolution of perception of the image of China, through consideration of the main stages of the formation and development of bilateral relations. The problem itself is relevant and very controversial. As we know, China was mainly formed in a negative image, this is the consequences of the Soviet-Chinese confrontation, and historically

China was perceived as an enemy of nomadic peoples. The negative perception of the image of a neighbor mainly affects the further development of relations, of course not at the state level, but in private.

The purpose of this article is to review the problems of the evolution of the formation of sinophobia in Kazakhstan. In the article, the author elaborates on the opinion that in current publications, Beijing is purposefully implementing the strategy of expansion, expressing the intention to settle the border space of its citizens. However, many facts and documents do not allow for a one-sided explanation of this issue, as scientifically researched.

In the course of writing the article, according to the topic, official documents and sources about the start of the trade war between China and the USA were used, as well as the scientific views of Chinese, Kazakh, Russian and scientists from the Internet. As for the methodology of the work, systematization, generalization and historical-ethnographic methods were used during the research.

Keywords: Kazakhstan, China, Sinophobia, neighbor, economic expansion, JEL codes: H83, D70, soft power

Статья поступила 27.05.2023